



XҒТАР 16.31.41

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-208-230>

Ғылыми мақала

Көне Грек мифологиясы мен философиясының қазақ дүниетанымымен сабақтастығы мен мәдени сұхбаттастығы

Әсет Құранбек¹, Тайыржан Оразхан^{2*}, Айгүлім Айтбаева³, Айымжан Рыскиева⁴

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

³«Нағхоз» университеті, Алматы, Қазақстан

⁴Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹akuranbek@gmail.com, ²*taiyrzhan@list.ru, ³aba-abd@mail.ru, ⁴abuaymjan@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада ежелгі үнді және байырғы грек жерінде, бастапқыда дін, миф, ғылым араласқан, кейіндеп таза ақыл-ойға негізделген теориялық философия қалыптасқандығы негізге алынды. Бұл үрдістен түрік халықтарының да, соның ішінде қазақ жұртының да шет қалмағанын, әсіресе кейінгі кездерде жарық көрген ғылыми ізденістер дәлелдейтіндігі көрсетіліп, ауыз әдебиеті мен фольклор халықтық таным негіздерін бойға сіңіру арқылы әрбір адамның өмір жайлы ұшқыр қиялдарға беріліп, дүние болмысы туралы дербес ойлай алатын қабілеттерін дамытқандығына талдаулар жасалды. Халықтың көшпелі өмір-салтына негізделген тұрмыс-тіршілігі де дархан ойдың кемелдігіне жағдай жасағандығы туралы шолу жасалып, ежелгі грек жұрты мен қазақ халқының – дүние, болмыс, адам, қоғам, табиғат, өмір жайлы таным-түсініктері мен ой-толғамдарының терең байланысып, сабақтасып, үндесіп жатуының бірқатар тарихи-мәдени жағдайымен қатар, кездейсоқ сәйкестік те еместігі зерттеушілер Әуезхан Қодар, Сейіт Қасқабасов және Сағади Бөлекбаевтың типологиялық талдау, биогенетикалық заң және сананың өзгерген күйін зерттеу тұжырымдамалары негізінде, бұл мәдениеттер арасындағы байланыстың белгілі бір тарихи кезеңмен ғана шектеліп қалмай, әрбір жаңа ұрпақтың санасында жаңғырып отыратын, уақыт пен кеңістік аясынан тыс сипатта жүретін үздіксіз үдеріс екендігі пайымдалады. Екі халықтың да дүниедегі сан алуандық пен көптүрлілік мәнін өздерінің мифологиялық танымында алғашқылардың бірі болып, жалпылауға, жіктеуге, жүйелеуге талпыныс жасалып, солардың нәтижесінде өзін және айнала дүниені, өмір мәнін ұғымдық ойлау мен көркем мәндік универсалиялар негізінде танып-түсіну, зерделеу қалыптасқаны тұжырымдалады.

Түйін сөздер: дүниетаным; ойлау; мифология; фольклор; ежелгі гректер; байырғы түріктер; қазақ халқы; мәдени сұхбаттастық; аударма ісі.

Received 01.07.2024. Revised 10.07.2024. Accepted 25.08.2024. Available online 30.09.2024.

For citation:

Kuranbek A.A., Orazkhan T.O., Aitbayeva A.B., Ryskiyeva A.A. Succession and Cultural Interaction of the Worldview of the Kazakh People with Ancient Greek Mythology and Philosophy // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 148. – № 3. – P. 208-230. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-208-230>

Для цитирования:

Куранбек А.А., Оразхан Т.О., Айтбаева А.Б., Рыскиева А.А. Преемственность и культурное взаимодействие мировоззрения казахского народа с древнегреческой мифологией и философией // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 148. – № 3. – С. 208-230. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-208-230>

*корреспонденция үшін автор

Кіріспе

Аристотельдің пікірінше, философия – таңданудан басталады. Ежелгі гректер табиғат пен ғарыштағы тәртіп пен реттілік, үйлесімділік пен үндестікке таң қалып, соның себебін білуге деген ұмтылыстан философия мен ғылым пайда болады. Гректер сол тәртіп пен реттілік, үйлесімділік пен үндестікке таңдана отырып, оның адам мен қоғам өмірінде орын алғанын қалады. Ал байырғы түріктердің танымына келсек, Шоқан Уәлиханов: «Табыну – таңданудың аса биік түрі», – деген Карлейльдің пікірін келтіре отырып, – табиғат және адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау» (Уәлиханов, 2016: 169) деп жазады. Демек, байырғы түрік дүниесіндегі руханият дамуының да бастауы – таңдану, табиғат құбылыстарының сырын ұғынуға деген талпыныстан туғанын көреміз.

Неміс философы Г.В.Ф. Гегельдің пайымдауынша, бастапқыда гректер танымның жеткіліксіздігінен адам мен қоғам, табиғат пен ғарышты, яғни от, су, ауа, тау мен тас, аспан мен жер, күн мен ай, жұлдыздардың өзін сезім мүшелері қалай қабылдаса сол күйінде жеке-жеке жаны бар, киелі, таңғажайып заттар мен құбылыстар ретінде түсініп, соларға табынды (Гегель, 1993: 208). Кейіндеп философияның пайда болуын білдіретін ұғымдық ойлаудың қалыптасуымен – жалпылау, жіктеу, салыстыру сияқты логикалық операцияларға машықтанудың арқасында оларды мифологияда – құдайлар, алғашқы табиғат философтары – дүниенің түпнегізі, жалқы бастау, яғни жауһарлар ретінде түсіну арқылы заттар мен құбылыстардың өзі және олардың ұғым, категориялар ретіндегі идеясын ажыратуға үйренді. Адамның сезім мүшелері, соның ішінде көру мен естуді, олардың жан-жануарлар мен жәндіктерге қарағанда адамға қоршаған әлемді қалыпты жағдайда көріп, қабылдауы үшін өзіне ғана шақталып берілгендігін ескерсек, ежелгі гректер дүниенің түпнегізі, сондай-ақ бастауы деп жекелеген стихияларды (су, от, ауа, топырақ, эфир т.б.) атай отырып, алғашқы рет философия үшін маңызды сауалды қояды. Демек, дүниенің шынайы мәні дәл біз көргендей ме (яғни қалай көріп, қандай қабылдасақ), жоқ ол шын мәнінде басқаша ма? – деген мәселені де көтереді. Осының нәтижесінде дүниені алғашқы философиялық пайымдау мен ғылым пайда болады. Ғылыми медицина қалыптасады. Өнер болмысын зерделеу жолға қойылады. Дүниедегі бір-біріне ешбір ұқсамайтын, арасында ешқандай байланыс жоқ сияқты көрінетін көптүрлілікті біріктірудің арқасында, мәдениеттер арасында байланыс орнату мен қарым-қатынас жасаудың басты құралы аударма ісі жанданады.

Қазақ халқының өмір, болмыс жайындағы таным-түсінігіне сәйкес, дүние – өтпелі, алдамшы, жалған, бақ пен дәулет, атақ пен даңқ, қызмет пен байлық, сондай-ақ қайғы мен сор да мәңгі баста тұрмайды. Табиғат, қоғам, адам өміріндегінің барлығы да өзгереді. Сынаптай сырғыған мына дүниеде ештеңе де бір қалыпта тұрмақ емес. Гректер пайымдағандай, қазақтар да сезім мүшелері арқылы қабылданатын дүние болмысының, ақыл-ой арқылы танып-түсінілетін дүние болмысынан өзгеше екенін және де олардың үнемі даму, өзгеру, қалыптасу үстінде екенін жақсы түсінді. Дүниенің саналуандығы мен көптүрлілігінің мәнін, Фалес – су, Гераклит – от, Пифагор – сан, Ксенофан – құдай, Парменид – болмыс деп тұжырымдағаны сияқты, қазақ халқының

көнеден келе жатқан мифологиялық танымы мен аңыз, ертегілері болсын, ақын-жырауларының шығармашылығын алсақ та, олардың барлығының да көркем образдар мен метафоралар түрінде көрініс тапқан, дүниедегі әр алуандықты жинақтау мен жүйелеуге негізделген даналық екенін көреміз. Олар онтология мен гносеология, этика мен эстетика, логика мен әлеуметтік философияның негізгі мәселелерін жалпының жалқы арқылы көрінісі ретінде көркем мәнді универсалиялар негізінде сипаттайды. Қазақ даналығының бұл ерекшеліктері Платонның мәңгі, ақиқат өмір сүретін абзал дүниесі – идеялар әлемі және оған қарама-қарсы, бүгін бар, ертең жоқ, тұрақсыз, үнемі қалыптасу үстіндегі көрнеу болмыс ретінде өмір сүретін шындық туралы тұжырымдамасымен сәйкес келеді.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада әлемдік мәдениет, оның ішінде, батыс мәдениеті мен түрік халықтарының тарихи танымын салыстыру, мифтер мен аңыздарды демифологизациялау мен герменевтика, бұрынғы кезеңдегі таным мен сананың қабылдауындағы шындықтарға үңілетін феноменология, ойлау мен дүниетанымның өзіне бағытталған рефлексиялау, ретроспекциялық талдау, тарихи, этнографиялық, антропологиялық, психологиялық білімдерді бірлікте және мәселені әр қырынан қарастыратын интегратив әдіснама қолданылды.

Талқылау және нәтижелер

Этносты ұйыстырушы ұлы бірлік идеясы.

Енді осы сабақтастық пен үндестік, ұқсастықтар мен байланыстар себебіне келсек, «Қазақ кім, грек кім? Олардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін?» деген заңды сауал туындайды. Екі халықтың да тарихи өмір сүру кезеңдері әр алуан, географиялық орналасуы да, климаты да әр түрлі. Дейтұрғанмен грек жұрты мен қазақ халқының шығу тегі мен шаруашылық жүргізу тәсілі, діни наным-сенімдері мен дүниеге деген көзқарасы бойынша бірқатар ұқсастық пен айырмашылықты атап өтуге болады. Бірінші, шығу тегі бойынша, гректердің өздерін эллиндіктер, элладалықтар деп атағаны белгілі. Аңыз бойынша гректер өздерін Прометейдің ұрпағы деп санайды. Демек, Прометейдің ұлы Девкалион мен Пандорадан туған Эллиннен таратады. Ал тарихи деректерде негізінен Крит аралын мекендеп, алғашқы мемлекеттік бірлестіктер қалыптастырған минойлықтарды б.з.д. III-II мың жылдықтарында Еуропаның Дунай аңғарларынан қоныс аударған ахейлік грек тайпалары жаулап алады (Қартабаева, 2014). Этникалық шығу тегі әлі де толық анықталмаған жергілікті пелагездерді жаулап алудан бастап қоныстана бастаған ахейліктер Микен өркениетін қалыптастырады. Одан кейінгі кезеңдерде де, атап айтқанда, б.з.д. II-I мыңжылдығында да бұл аймақтарда түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси, этникалық өзгерістер болды. Біздің заманымызға дейінгі XII ғасырдан бастап дорийлік гректердің жаулап алу соғыстарынан кейін ахейліктер қалыптастырған мемлекеттік жүйелер қирап, олармен бірге ескі ру-тайпалық қатынастарға негізделген тұтас жүйелер де келмеске кетеді. «Гомерлік кезең» немесе «қараңғылық дәуірі» келеді. Осы кезден бастап ежелгі грек тарихының полистік кезеңі қалыптаса бастайды. Міне, осы уақыттардан бастап Балқан түбегі мен Эгей теңізінің аралдарын, Оңтүстік Италия мен Сицилияны, Кіші Азия түбегінің батыс

жағалауларын, сондай-ақ Қара теңіз маңындағы бірқатар аймақтарды мекендеген гректер ғылым мен философия, экономика мен саясатта өздеріне дейінгі көршілес Таяу Шығыс елдері Мысыр мен Бабыл, Ассирияда басталған ізденістерді одан ары жалғап, теориялық ғылымды, философияны, өнер мен мәдениеттің әлемде теңдесі жоқ үлгісін қалыптастырады. Саяси басқарудың монархиялық, аристократиялық, демократиялық озық дәстүрлерін дүниеге әкеледі. Тирандар билеген кезеңдерді де бастан өткереді.

Ал қазақ халқының шығу тегіне келсек, отандық антрополог ғалым, академик Оразақ Смағұл, бірқатар сұхбаттары мен кездесулерде қазақ халқының Еуразия құрлығының кіндігі Ұлы Даланы табан аудармастан ең кемі 50 мың жыл тұрақты мекендеп келе жатқанын айтады. Өзінің 60 жылғы ғылыми ізденісінің нәтижесі «Қазақ халқының шығу тегі» (*Происхождение казахского народа*) атты еңбегінде, Қазақстан жерін неолит пен энеолит, Қола дәуірінен бастап, қазіргі заманға дейін мекендеген адамдарды соматологиялық (сүйек қаңқасын зерттеу), одонтологиялық (тіс морфологиясын зерттеу), серологиялық (қан жүйесін зерттеу), дерматоглификалық (алақан тері бедерлерін зерттеу) және краниологиялық (бас сүйегін зерттеу) зерттеулер арқылы, қазақ халқының осы жерді төрт мың жыл немесе 40 ғасыр бойы тұрақты мекендеп келе жатқан, өзінің басқа ешкімге ұқсамайтын жеке антропологиялық статусын иеленетін тұтас ұлт екенін дәлелдейді.

Ол үшін ғалым өткен ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап, ауылдық жерлерде тұратын, негізінен ата-бабалары осы жерлерді тұрақты мекендеген, келін алып, қыз ұзатса да ауыл арасы, аудан, облыс көлемінен аспаған, 12-60 жас аралығындағы қазақ ұлтының өкілдерін алады. Еліміздің барлық өңірлерін қамтыған бұл зерттеу нәтижесінде ғалым қазақтың қай облысы болсын, қай ру, тайпа, жүз құрамына кірмесін, бір ұлт, бір қазақ екенін көреді. Сондай-ақ бұл зерттеулердің нәтижелерін Қазақстан жерін қола дәуірінен бері тарихи мекендеген байырғы адамдардың сүйек қаңқасы, тіс морфологиясы, бас сүйегінің ерекшелігі және т.б. палеоантропологиялық зерттеулер нәтижелерімен салыстыра отырып, бүгінгі қазақтың осы жерді мекендеген байырғы адамдардың ізін жалғаған ұрпақтары екенін анықтайды. Қазақ халқының шығу тегіне байланысты, әсіресе қазақ атауының шығуына орай кейбірі екіұшты, кейбірі сыңаржақ (кезбе, бүлікшіл, жабайы) миф, аңыздарға негізделген деректерден бөлек, физикалық антропология ғылымының теориялық және әдіснамалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қазіргі Қазақстан территориясы және оған іргелес жатқан жерлерді мекендеген адамдардың бүгінде еуропатектестер мен моңғолтектес нәсілден бөлек, яғни аралық типтегі тұрантектес өз антропологиялық статусын иеленген дербес нәсіл екенін анықтайды. Әрбір тарихи кезең бойынша, жоғарыда аталған соматологиялық, одонтологиялық, серологиялық және т.б. зерттеулерде қазақ халқының көршілес қырғыз, татар, башқұрт, ноғай, қалмақ, ұйғыр, өзбек, түрікмен және т.б. түріктектес этностармен де, орыс, украин сияқты еуропа жұртымен де жақын-алыстығы бойынша көрсеткіштерді салыстыра отырып, қазақ этносының ісі түрік жұртынан, әсіресе қырғыз, башқұрт, қалмақ, татарлармен ең жақын екеніне қарамастан, негізінен барлық көрсеткіш бойынша өз ерекшелігін иеленген дербес этнос екенін көрсетеді. Ескі қорымдарды қазып, ұзақ жылдар бойы жиналған сүйек үлгілерін зерттеу нәтижесінде қола дәуірі кезеңінде тіршілік еткен адамдардың таза еуропатектес нәсілге жатқанын, ал Түрік дәуірінен бері, әсіресе моңғол шапқыншылығы тұсынан бастап моңғолтектестермен аралас-құраластық нәтижесінде, бүгінгі қазақтың дөңгелек жүзді бет әлпеті мен түр-тұлғасындағы аралық типті тұрантектес

нәсілге тән белгілердің қалыптасқанын байыптайды (Исмагулов, 2017). Сонымен бірге бұларға қарап, «қазақ, сонда бұл жерлерге басқа бір жақтардан ауып, не көшіп келген бе?» деген ой тумас үшін, ғалымның антропогенезге қатысты ойларына да зер салған абзал. Осы тұрғыда антрополог, бұл мәселеде күллі адам баласының ең алғаш Африкада пайда болғанын айта келіп, мұнда антропогенез туралы емес, этногенез мәселесінің маңызды екеніне назар аударады. Яғни қазақ халқы да, бүгінгі барлық жұрт сияқты арғы тегі ең алғаш Африкада пайда болып, кейіндеп Еуразияны мекен ете бастаған алғашқы адамдардың эволюциялық дамуының нәтижесінде тарихи қалыптасқан биоәлеуметтік, этномәдени жаратылыс иесі деген сөз.

Қазақ халқының этностық ерекшеліктері бойынша филология ғылымының докторы, этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің де зерттеулері өте маңызды. «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде ғалым, қазақ халқының этногенезін тарихи деректермен бірге, шежіре мағлұматтарын салыстыра отырып зерттейді. Көшпелі өмір-салтымен шебер үйлесіп, бүгінге дейін сақталып отырған ру-тайпалық жүйенің этносты ұйыстырушы ұлы бірлік идеясына негізделген шежірешілдік дәстүрімен байланысына ерекше назар аударады.

Ғалым: «Ру-тайпалық жүйе, – деп жазады, – көшпелі өмір-салттың мүмкін болуын қамтамасыз еткен бірден-бір қоғамдық құрылым. Жалғыз-жарым пенде емес, ауыл-аймағымен қотарыла көшу, сөйтіп, мыңдаған шақырымдық кеңістік аясында әрі табиғатпен тіл табыса жүріп, әрі табиғатпен тіресе жүріп, мейлінше төлтума өмір-салт орнықтыру, яғни шаруашылық-мәдени типін қалыптастыру, түптеп келгенде, тек қана ұжымдық мүдденің біртұтастығы арқылы, тек қана корпоративті рухтың бірбүтіндігі арқылы, тек қана этноидеалдың бір нысанаға бағытталуы арқылы мүмкін бола алатын үдеріс. Ақиқатында, Еуразия алабында үш-төрт мың жыл бойы көшпелілер мәртебесін биік еткен себептердің зоры да осы ру-тайпалық жүйе болатын» (Сейдімбек, 2008: 15).

Сонымен бірге этнограф, ежелгі дәуірден бастап Қазақ хандығы құрылған кезеңге дейін өмір сүрген барша түрік тектес ру-тайпа атауларының өзінің ұзын саны 12 мыңға жуық екенін айта келіп, исі түрік жұртының ішінен XV ғасырдың екінші жартысында бөлініп шығып, іргесі қаланған Қазақ хандығының XVI ғасырдың алғашқы жартысында-ақ қуатты мемлекетке айналуының сыры, елдің бірлігі мен мемлекеттің тұтастығын бірінші орынға қойған ру-тайпалық жүйеге негізделген этносты ұйыстырушы ұлы бірлік идеясы екендігін атап өтеді. Бұл идеяны Қазақ хандығының бастауында тұрған ақылмандардың бабалар жолын жалғап, түп ата идеясын сақтай отырып, яғни этногенеологиялық жаңа түзілімдер бойынша халық жадында сақталған байырғы ру-тайпаларды түпкі тек ретінде алып (үйсін, арғын, жалайыр, қыпшақ, алшын, қоңырат т.б.), оларды қазақ халқының шығу тегімен байланысты елді ұйыстырушы «Алаш», «Алты алаш», Алаша ханның алты ұлы (Оғыз ханның да алты ұлы болған), Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, Қазақ, Ұзақ, Созақтан тарата отырып, әрбір атаның (буынның, ұрпақтың) арасын 20-25 жыл деп есептегенде, XXI ғасырға дейін түзілген нұсқалары негізінен 19-22 атамен (ұрпақпен, буынмен) шектелетін шежіре түзу дәстүрін қалыптастырғанын жазады. Яғни түп атаны, шығу тегін сақтай отырып, негізінен Қазақ хандығы құрылған тұстан бастау алатын, аңыздан бөлек, нақтылы тарихи өмір сүрген ұрпақ қамтылған шежіре түзу дәстүрі қалыптасады.

Өйткені қазақ ұлтын құрайтын қыпшақ, найман, керей, жалайыр, үйсін, қаңлы, алшын т.б. рулардың Қазақ хандығы құрылғанға дейін де жеке-жеке ел болғандығын, сонымен бірге бұл рулардың өзге де түрік тектес этностар: өзбек, қырғыз, түрікмен, ноғай, башқұрт т.б. құрамында

бүгінге дейін де бар екендігін, қазақтардың да олардың арасында кездесетінін, сондай-ақ әр руда кіші ата, аз ел, асыранды бала, сіңбе рулардың, жүзден тыс ру-тайпалардың да бар екенін ескерсек, хандық құру кезінде де, кейінгі ел бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ету, өркендеу жолында да ұлтты ұйыстырушы ортақ бір идеяның қажет болғандығы анық. Исі түрік жұртының бір ел, туысқан халық, қандас бауырлар, түбі бір түрік екенін түсіне тұрып, заманның бір орында тұрмайтынын, түбінде қаны ғана емес, жаны да бір, тілеуі де ортақ, сүйек жақын, өзім деген мүдделес адамдардың, яғни бүгінгі Қазақстан жерін тарихи мекендеп келе жатқан, сол кезге дейін де өздерін қазақпыз деп атаған, адамдардың жаңа ұлт қалыптастырып, мемлекет іргесін қалау қажеттілігін дер кезінде түсінуі де тарихи оқиға болғаны сөзсіз.

Халық жазушысы Мұхтар Мағауин бұл кезең жайында, Асан Қайғының Шу өңірін көргенде айтқан: «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен, өне бойы қара қамыс, іші толы жолбарыс екен; баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы қыннан суырылмайтұғын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатұғын жер екен», – деген сынына орай, біздіңше: Шу өңірінің жолбарысы қалың – мал ұстауға қолайсыз, содан пышақтың қыннан суырылмауын, елдің бау-бақша егіп, содан баланың аузы жыбырлап, қарны ашпайтынын, әйелдің бау-бақша күтіп, өнімін базарлап табыс тауып, өзін еркекпен тең құқықты сезіне бастайтын заман келетінін меңзегенін, – «Шуды жолбарысының көптігіне қарамай пышағы қыннан суырылмайтын, яғни тыныш, бейбіт жер екен деуінің мәні неді? Бізше, бұл сөздер сол кездегі тарихи оқиғалардан көрініс береді», – дей келіп, – «Қазақ хандығын құрған рулардың ата-мекен Дәшті-Қыпшақтан кетуінің басты себебі – ондағы өзара қырқыс, күн сайынғы атыс-шабыс, Әбілхайыр мен Барақ ұрпақтарының арасындағы қақтығыс еді. Әбілхайыр ұлысынан кеткен соң қазақтар Моғолстанның батыс бөлігі Шу бойында біраз жыл бейбіт тұрмыс кешеді. ... Әйелдің, яғни ананың жат болуының да мәні бар: мұнда келгендердің көбінің туыстары сол Дәштіде қалып қойды, бүліншіліктің нәтижесінде қандас, рулас адамдардың аралары ажырады, қазақ болып бөлінгендер қиянға шығып кетті» (Мағауин, 2006: 37) деп жазады.

Бұлардан шығатын қорытынды, байырғы грек жұртының да, қазақ халқының да ұлт болып ұйысуы мен озық мәдениет қалыптастыруы, бай фольклорының болуы, білім мен ғылымның шыңына шығып, дүниені өзінше философиялық пайымдау дәстүрін қалыптастыра алуы, осы қоғамды бір мүдде төңірегіне жұмылдырған этносты ұйыстырушы ұлы бірлік идеясының маңына топтаса алуы деп білеміз. Сонымен қатар екі халықтың да мекен еткен жерлерінің географиялық орналасуы да, Ақселеу Сейдімбек пайымдағандай, табиғатпен бірде тіл табысып, бірде тіресе жүріп өмір қамын жасауына мәжбүр еткен қоршаған ортаның да жағдайы десек болады. Гректер орналасқан аймақтардың табиғаты да тау-тасты болып келеді. Мал өсіруге, зәйтүн, жүзім ағаштартарын баптап, арпа егуге қолайлы жерлер де бар. Дегенмен көпшілік жерлері теңіз жағалауы, қауіп-қатерге толы аймақтар болып келетін Балқан түбегі, Эгей теңізінің аралдары, Ионияның батыс жағалауының табиғаты гректерді қайсарлық пен тапқырлыққа тәрбиелеген ең бірінші ұстазы десек қателеспеспіз. Қазақ халқының да, түрік бабаларының да тіршілігі көшпелі өмір-салтына негізделген. Ашық теңіз жағдайынан бірде-бір кем емес, ұшы-қиыры жоқ шөл-шөлейтті дала табиғатына икемделіп өмір сүру де оңай болмаған. Төрт-түліктің қамымен «мәңгілік көктемді қуалап, бойлық бойымен жаз Арқаны жайласа, қыста қары жұқа оңтүстік өңірлерге көшетін бабаларымыз» (Сейдімбек, 2008) жылына мыңдаған шақырымдарды жүріп өтіп, үнемі аттың жалы, түйенің қомында жүрген. Оған жеті ағайынды дейтін жұтты,

табиғаттың қатал мінезі мен жаугершілік замандардың артқан ауыртпалықтарын қоссаңыз, байырғы гректердегі ахейліктер мен дорийліктер жорығы, грек тайпаларының арасындағы өзара текетірестер, спарталықтар мен афиндықтар арасындағы соғыс, парсылардың гректерге қарсы жорығы, Александр Македонскийдің құрған империясы мен гректердің ең соңында Рим империясының құрамына кіргенге дейінгі уақытты алсақ, екі халықтың да бастан өткерген қиындықтарының аз болмағанын көреміз.

Бұл орайда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болатын тұжырымды кезінде мәдениеттанушы Әуезхан Қодар жасаған болатын. «Еленбеген асулар» атты зерттеу мақаласында ғалым, ақын Өтежан Нұрғалиевтің «Афина мектебі» жыр жинағы туралы толғана отырып, ақынның грек философиясы туралы шығарма жазуының себептеріне орай, «...Бұл екі мәдениеттің үш қайнаса сорпасы қосылмайды емес пе?», – дей келіп, – мәселенің сонда екендігін, оның типологиялық талдаулар негізіндегі осы мәдениеттер арасындағы біраз ұқсастықтарға қатысты екенін айтады. Ол ұқсастықтарға, біріншіден, грек және қазақ мәдениетінің кең құлаш эпикалық дәстүрден нәр алған мәдениеттер екенін, екіншіден, бұл екі халықтың да дүниетанымы қатаң моральдық, діни нормалармен шектелмегенін, үшіншіден, қазақ та, грек те өнерсүйгіш халықтар болғандығын жатқызады. Көне грек мәдениетінің аттап өтуге болмайтын адамзат өркениетінің алғашқы негіздері салынған мәдениет болғанын, сондықтан да оның әрбір этнос, әрбір ұлттың жадында жаңғыруы тиістілігін айтып, «Өтекеңнің тапқан осы үрдісі – Батыс мәдениетімен жақындасу, қазақ ұлтын жаңғыртуға, қайта түлеуге апаратын жол деп санаймын» (Қодар, 2012: 119) деп ойын тұжырымдайды.

Өтпелі кезеңдер мен қым-қуыт заман тудырған кемеңгерлер.

Грек жұрты мен қазақ халқының дүниеге деген көзқарасы бойынша тағы бір ескеретін мәселе, ежелгі гректер мен байырғы түрік жұртының ертедегі мифтері мен эпостық жырларындағы мифологиялық дүниетанымынан бастап, діни-философиялық дүниеге деген көзқарастарындағы ұқсастықтар, қастерлеген құндылықтары мен өмірлік ұстанымдары, даналық, білім, еркіндік, әділетсүйгіштік, өнерсүйгіштіктен бастап, қыл аяғы қиял-ғажайып құбылыстарға деген сенімі мен болашақты болжауға қатысты наным-сенімдері, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсау мен Жерұйықты іздеу сияқты утопиялық көзқарастарына дейінгі ұқсастықтар мен бір-біріне жақындық деуге болады.

Мысалы, көне грек ақыны Гесиодтың ежелгі Шығыс елдерінің аңыздарында кездесетін, адамзаттың тарихи даму кезеңдерін алтын, күміс, мыс, темір ғасыры деп аталатын желіге бөлу үрдісіне өз тарапынан мыс пен темір ғасырларының аралығына қаһармандар кезеңін қосып, өзінің тарих философиясына қатысты идеяларын негіздегені белгілі. Бұл желі бойынша, адамзат баласы заманалар өткен сайын рухани жағынан ілгері басып, алға жылжудың орнына кері кетіп, құлдырай береді. Осы кезде адамзаттың алтын ғасыры ілгері замандарда өтіп кеткен екен деген наным қалыптасады. Гесиод жырында адамзаттың алтын ғасыры сонау Кронос дәуірінде өтіп кеткен, бірақ олар грек жерінен күн батысқа қарай Жерұйыққа ұқсас, егіс алқаптары жылына үш рет өнім беретін «жұмақ мекенде Зевстің ұйғаруы бойынша мәңгі өмір сүруде» екені туралы айтылады. Демек, бұл идеяның тура біздің Асан Қайғы бабамыздың бір деректерде 17 жыл, енді бір деректерде өмір бойы Жерұйықты іздеп, соңында таппайтыны сияқты, Гесиодтың алтын ғасыры да бірде ол Италия болса, енді бірде Испания екен, әлде «Атлант мұхиты жақтағы бір

аралдарда екен...» (Тренчени-Вальдапфель, 1956: 46) делініп, ары қарай жылжи береді. XV ғасырдағы тарихи оқиғалардың басы-қасында болған куәгері, қайғысы жеке басының емес, сол замандағы ел басына түскен ауыртпалықтармен байланысты жұрт қайғысы, ел уайымы болған Асан Қайғы да желмаясына мініп, елге құт, төрт түлікке жайлы, ешбір атыс-шабыс, қуғын-сүргін болмайтын, әл-Фараби жобасындағы «Қайырымды қала» іспетті халық бейбіт те бақытты ғұмыр кешетін мекенді іздейді. Қазақстанның барлық аймағын аралап, жер жайын шолады.

Бұл жерде, бір жағынан, Гесиод пен Асан Қайғыға ортақ желіні, соңғысына қатысты профессор Гүлжиһан Нұрышева бағамдағандай, «өзінің де, ханның да, халықтың да өміріне көңілі толмауы, артыс-тартыспен өтіп жатқан өмірден жоғары мәнді іздеу» (Нұрышева, 2011: 212) десек, екінші жағынан, әрбір адам, жалпы қоғамның өткен өмірін зерделей келіп бүгінгімен салыстырғанда ең бақытты деген жақсы күндерінің әрдайым өткеннің еншісінде қалып бара жатқанын түсінетіні сияқты өмірлік философиясы деуге де болады. Өйткені Асан Қайғы Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырдан бөлінгенін құптағанымен, Қазақ хандығын құру үстінде Еділдің ен тоғайы мен Жайықтың көк шалғынын тастап, Моғолстан жаққа көшуін дұрыс деп санамайды. «Нәлет біздің жүріске!» (Мағауин, 2006: 39) деп кейиді. Себебі Қазақ хандығы құрылған кезде, қазақтар өздері ен жайлаған туған жер – бүгінгі Батыс Қазақстан, Солтүстік және Орталық Қазақстан болып есептелетін ұлан-ғайыр территорияны тастап Жетісу жеріне көшуге мәжбүр болады. Бірақ олардың Әбілқайыр қазасынан кейін өз жерлерін толықтай қайтарып, хандық құрамына қосып алғаны тарихтан белгілі.

Сондай-ақ осы мифология мен фольклорды туғызған екі халыққа да ортақ поэтикалық ойлау, есте жоқ ерте замандарға тән тарихи, саяси, мәдени, әлеуметтік жағдай, есімдері белгілі-белгісіз тұлғалар, олардың аңызға айналған өмірдеректері барлығы да ежелгі гректер мен байырғы түріктердің дүние, ондағы өзінің орны туралы таным-түсініктерінің бір-біріне өте ұқсас екенін көрсетеді.

Оған мысалға грек философиясының бастауы саналатын Гомер мен Гесиод жырларын, кейінгі Эсхил мен Еврипид, Софокл сияқты гректің трагиктері мен Аристофан сияқты комедиограф ақындарын, сонымен қатар эллиндік-римдік дәуірдегі Катулл, Овидий, Гораций, т.б. ақындардың шығармашылығын, сондай-ақ гректің Ксенофан мен Парменид, Эмпедокл сияқты философиялық идеяларын көбінесе «Табиғат философиясы» деп аталатын еңбектерінде өлең сөзбен жазған ойшылдарын алсақ болады. Бұл тізімге гректің «Жеті данышпан» (тырнақшада жазылу себебі әр тізімге әр түрлі ойшылдар кіреді) атанған – Фалес, Солон, Периандр, Клеобул, Хилон, Биант, Питтак та кіреді. Бұл тізімге кейбір авторлар сақтардан шыққан Анахарсисти де қосады.

Осы аталған есімдері аңызға айналған ақындар мен философтарды, қоғамның саяси өміріне белсене араласқан немесе ел арасында танымалдығымен белгілі заманының сұңғыла ойшылдары саналатын «Жеті данышпанды» қазақ руханиятындағы арысы Анахарсис баба, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Кет-Бұға мен Сыпыра жырау, кейінгі дәуірлерден Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау, сондай-ақ Тәтіқара мен Көтеш, Шал ақын сынды заманының дүлдүл ақын-жыраулары, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би, Жиренше мен Жаңғабыл т.б. сынды би-шешендерімен де салыстыруға болады. Гректің «Жеті данышпаны» барлығы бірдей мемлекеттік лауазым иелері болмағанымен заманында қоғам өміріне белсене араласып, ел билеушілерге ақыл-кеңестерін беріп, қоғамдағы түрлі мәселелерге қатысты өздерінің ел арасында тараған

афоризмдері, шығарған заңдары, жүргізген реформаларымен тарихта қалса, қазақтың жыраулары да елдің саяси өміріне белсене араласқан, әсіресе жаугершілік замандарда қолына қару алып алғы шепте жүрген, сын сағаттарда жалынды жырларымен жауынгерлердің рухын көтерген жорықшы жырау, елдің ақылшы кемеңгері, заманының сыншысы, елін, жерін сүйген патриоттар да еді. Деректерге сүйенсек, гректің «Жеті данышпанын» да, қазақ жырауларын да өмір сүрген уақыты, қым-қуыт заман тудырғанын көреміз. Олардың міндеті осындай алмағайып заманда елдің көзін ашу, көңілін ояту болатын. Әйтпесе гректер де, қазақтар да қай заманда болсын ақындар мен шешендерге кенде болмаған. Алайда аталған санаттағы есімдері тарихта қалған ойшылдар екі халықтың да тағдыры қыл үстінде тұрған замандарда өмір сүріп, сол тарихи оқиғалар тұсында адасқанға жол көрсетіп, қиналғанға жөн сілтеумен еліне тірек болған жандар екені сөзсіз. Мысалы, Фалес жайында көптеген зерттеуші бірауыздан оның ғылыммен, философиямен тек өмірінің соңында ғана шындап айналысқанын жазады. Ал оған дейін қазақ жыраулары мен би-шешендері тәрізді елдің саяси өміріне белсене араласып, билеушілерге ақыл-кеңестері мен ұсыныстарын айтып жөн сілтеп отырғанын көреміз. Атап айтқанда Фалес парсылармен соғыс кезінде бірде грек әскеріне өзен суының көлемін азайтудың жолын айтып, судан өтуге көмектессе, енді бірде ел патшасына маңызды шешімдер қабылдауда кеңес беріп отырғаны туралы деректер бар (Гегель, 1993: 203). Немесе, бақыт туралы сөзден сөз шығып, міне, бақытты адам алдыңда тұрмын деп өзеуреген Крез патшаға, «Ешкімді тірі кезінде бақытты деп айтуға болмайды. Себебі адамның шын бақытты не емес екендігі бір күнмен емес, оның бүкіл ғұмырымен өлшенеді. Сен тірісің. Сондықтан сені бақытты дей алмаймын» (Гегель, 1993: 197) дейтін Солонның көрегендігі жалқыдан жалпыны көріп, жалпыдан жекені таныған нағыз философиялық танымның мысалы еді. Ал қазақ жырауларына келсек, олардың да көпшілігі гректің «Жеті данышпаны» сияқты ақсүйектер, қоғамда беделді адамдар болған. Олар жорықтарда жауынгерлердің рухын көтерумен бірге, қоғамдағы түрлі мәселелерге қатысты әрдайым үн қатып, хандар мен сұлтандардың қате шешімдерін сынап, қауіп-қатерлерді алдын ала болжап, сақтандырып та отырған.

Жаратылыстану мен гуманитария тоғысындағы ғылыми байламдар.

Ендігі кезекте, қазақ халқы мен грек жұртының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың өзге де қырларына келсек, кезінде Карл Леви-Строс сынды структуралистер бағамдаған, түрлі халықтардың мифтері мен салт-дәстүрлеріндегі мазмұндық және құрылымдық ұқсастықтар шынымен де таңқаларлық жағдай болатын. Бір қарағанда бір-біріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мәдениеттер арасындағы бұл ұқсастықтардың себептері, біріншіден, ежелгі мәдениеттер арасындағы, оларды бөліп жатқан уақыт пен кеңістікке қатысты бірқатар айырмашылықты ескергеннің өзінде, сол мәдениеттерді жалғастырған түрлі жағдаяттардың да болғанын жоққа шығаруға болмайды. Жаугершілік замандар, сауда-саттық, жаңа қоныс іздеу сияқты көші-қон жағдайлары түрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы әртүрлі деңгейдегі байланыстың болғанын көрсетеді. Оған мысалға этнолингвистикалық зерттеулердегі тілдің пайда болуы мен өзгерістерге ұшырауы, өзіне тән заңдылықтарының қалыптасуы мен сөздік қордың баюы т.б. айтамыз. Сонымен бірге екі ел арасындағы мәдени байланыс тақырыбына қатысты, жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың «Көне дүние кемеңгерлері» атты еңбегінен де түйеріміз мол. Аталған еңбекте жазушы көне грек философиясына қатысты ғылыми-философиялық

зерттеулер мен аңыз-әфсана деректеріне сүйене отырып, грек философиясының бастауында тұрған Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Гераклит, Демокрит, Анаксагор, Эмпедокл, сондай-ақ «Жеті данышпан» қатарына кірген Клеобул, Периандр, Питтак, Солон және сақтардан шыққан данышпан Анахарсис және т.б. сынды ой алыптарының өмір жолы мен өнегесін, философиялық ілімдерінің мәнін, ізгілік, адамгершілік мәселелеріне қатасты нақыл сөздері мен тапқыр ой-пікірлерін жазушыға тән шебер суреткерлікпен, ғылыми-көркем стильдегі көпшілік оқырманға түсінікті тілде шебер баяндап шыққан. Көне Грек даналығына арналған осы ғылыми-көркем шығармасында жазушы, Сүлеймен патшаның балаға таласқан екі әйел арасындағы дауды шешуге байланысты аңызды баяндай отырып, яғни баланы қылышпен екіге бөліп екі әйелге бермек болғанда, нәрестенің шын анасының шырылдап кетіп, тірі жүргенін ғана қалайтынын айтқанда ғана ақиқатқа көз жететін аңыз туралы, біз қарастырып отырған екі ел арасындағы мәдени сабақтастыққа орай мынадай тұжырым жасайды: «Біз осы күнде әр биге бір теліп жүрген бұл аңыз-әңгіменің түп иесі Сүлеймен екеніне ешкімнің дауы жоқ. Ескен жел, көшкен керуенге ілесіп, су кешіп, құрлық асып, бір кездері қазақ сахарасына да жеткен. Демек, бұдан біз бабаларымыздың бағзы заманда-ақ дүниенің төрт бұрышынан хабар ап, әлемдік мәдениетпен тығыз байланыста болғанын көреміз (Сәукетаев, 2007: 82).

Екіншіден, бұл ұқсастықтар сол халықтардың қастерлеген құндылықтары мен өмір салтына да қатысты болуы мүмкін. Демек дүние, ондағы өзінің орны, өмірлік ұстанымы, тіпті тағдыры бойынша да екі елдің арасын бөліп жатқан орасан кеңістіктер мен уақытқа қарамастан, оларды бір-бірімен байланыстырып тұратын көзге көрінбес желілер де болған. Сондай-ақ түрік дүниесі мен арғықазақ мифологиясын зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдамаларындағы гипорборейлер елі, байырғы түріктердің грек-рим мәдениетіндегі іздері мен жалпы өркениет дамуына қосқан үлесі турасындағы зерттеулері де екі ел арасындағы байланыстың тамыры өте тереңде екенін көрсетеді.

Үшіншіден, бұл ұқсастықтар академик Сейіт Қасқабасов пайымдағандай, әрбір адам баласының жедел даму барысында барша адамзат ұрпағының тұтас жүріп өткен жолын қысқа уақыт аралығында қайталап шығуын түсіндіретін биогенетикалық жадының болатыны туралы идеялармен де байланысты. Биолог-ғалым Эрнст Геккельдің биогенетикалық заңы бойынша, адамның ұрығы ана құрсағында жатқан 9 айда адамзаттың миллиондаған жылдар бойы жәндіктен адам түріне дейін дамыған (қарапайымдылардан бастап көп жасушалы жан-жануарлар мен адамдардың пайда болуы) жолын өтеді де, адам кейпінде (Homo) дүниеге келеді. Туғаннан кейін 1 жылда ол адамзаттың еңбектеп жүрген кезінен тік тұра алатын қалпына дейінгі дәуірді өтеді, ал одан кейінгі 2 жылда бала адамзаттың ақыл-есі бар Homo Sapiens болған заманына дейінгі уақытты жүріп өтеді. Сөйтіп бала адамзат дамуының эволюциясын қайталайды. Сондықтан да адам бойында тарихи ғана емес, сонымен бірге биогенетикалық та жад белгі беріп тұрады (Қасқабасов, 2014: 10).

Ал философия ғылымдарының докторы Сағади Булекбаевтың пікірінше, бұл ұқсастықтар мен байланыстардың себебі біз ойлағандағыдан да тереңде болуы ықтимал. Өйткені бүгінге дейінгі ғылым мен философиядағы бізді қоршаған шындық, сана, адам туралы таным-түсініктеріміз әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Қазіргі заманғы ғылым дамуы «сананың өзгерген күйін» зерттеу арқылы осындай тұжырымға келген. Себебі сана біз ойлағандай, тек шындықты бейнелеудің жоғары формасы, объектив дүниенің субъективті бейнесі, әлеуметтік

құбылыс, жоғары ұйымдасқан материяның қасиеті т.б. ғана емес, ауқымы да кең, мағынасы да терең түсінік. Оның табиғаты идеал ғана емес, ол өріс, энергия түрінде де өмір сүруі мүмкін. Сонымен бірге сана материалданады. Демек, ой, сана, рух, идея – материал әлемді тудыра алады. Сана, онымен бірге тұтас дүние, болмыс табиғаты, ежелгі үнділердің ведалық жазбалары мен көне мифологиялық таным пайымдағандай біртұтас әлемді құрайды. Ол дегеніміз, бүгінгі трансперсонал психология мен кванттық физика дәлелдегендей, дүниеде атомдардан да ұсақ бөлшектер бар. Ең қызығы бұл ұсақ бөлшектер зат қана емес, энергия, өріс күйінде де өмір сүре алады. Тіпті кей жағдайда олар тәжірибе үстінде бақылаушы қарап тұрған кезде заттық сипат иеленіп бөлшек күйінде көрінсе (із тастаса), қадағалаушының көзі тайған сәтте өріс немесе энергия түріне лезде алмасып, өмір сүретіні анықталған (Булекбаев, 2014: 42). Демек, материяның өзі түптеп келгенде сезім мүшелері арқылы қабылдауға болмайтын, зат, нақты бөлшекке тән тығыздық иеленбейтін нақтылықтың ерекше бір түрі болып шығады. Сол сияқты сана да материалистік философия түсіндіргендей, жоғары ұйымдасқан материяның, яғни мидың ғана қызметі емес. Оның да табиғаты дүние болмысы тәрізді өте күрделі және біртұтас. Бұл біртұтастық әрбір жекелеген жасушада бүткіл ағзамен қатар, барша тіршілік, әлем туралы ақпараттың болатыны сияқты, адамзат баласына ортақ жады, жердің бірыңғай ақпараттық белдеуі бар. Ол да ең кіші деген бөлшегінде бүткіл ғалам, ондағы барша тіршілік иелері, өзіне дейінгі өмір сүрген мәдениеттер мен өркениеттер, білім мен ғылым, адамгершілік құндылықтар туралы барша ақпаратты сақтайды.

Зерттеушінің пікірінше, сананың өзгерген күйін зерттеу бүгінге дейін түсінуге қиын, тылсым болып есептеліп келген, асқан білімдарлық пен көріпкелдік, алдын ала сезу мен болашақты болжау сияқты көптеген құбылысты жаңаша түсінуге көмектеседі. Сананың өзгерген күйі деп қалыпты жағдайдағы адамның дүниені түйсінуі мен қабылдауынан өзге, сананың айнала қоршаған дүние, қоғам, болмыс, өмір, адамдар және өзі туралы белгісіз ақпарат көздері арқылы, белгісіз жолдармен түрлі жаңа ақпараттарды алуын айтады.

Оған мысалға байырғы үнділердегі йогалық жаттығулар мен түрлі медитацияларды, діни экстаз, құдайға жалбарыну, стресс, ауыр қайғы-қасірет жағдайындағы («шекаралық ахуал») терең толғаныс пен тебірену сияқты көңіл күйдегі адамның жай кездегіден бөлек дүние болмысын жаңа қырынан пайымдап, әлемнің терең сырларын ұғынуы мен ғылыми жаңалықтар ашуын айтсақ болады. Сонымен бірге мұндағы белгісіз ақпарат көздері дегеніміз, ғалымның пайымынша бейсана немесе көмескі сана болып табылады. Көмескі сананың жеке және ұжымдық болатынымен байланысты, философ Сағади Байұзақұлы, адамзат баласына ортақ ұжымдық көмескі сананың болатынын ұсақ-ұсақ аралдардан тұратын архипелагтар мысалымен түсіндіреді. Бір қарағандағы бөлек-бөлек орналасқан ұсақ аралдардың су астындағы төменгі бөлігі біртұтастықты құрайды. Сондай-ақ оның құрылымы голографиялық сипатта болып келеді (Булекбаев, 2014). Осы тұрғыдан келгенде, қазақхалқы мен көне грек жұртының – дүние, болмыс, адам, қоғам, табиғат, өмір жайлы таным-түсініктері мен ой-толғамдарының терең байланысып, сабақтасып, үндесіп жатуының жай ғана сәйкестік еместігі түсінікті бола түседі. Демек, мұндағы сабақтастық пен үндестік жоғарыда аталған Әуезхан Қодар, Карл Леви-Стросс, Сейіт Қасқабасов және Сағади Булекбаевтар бағдамдағандай, бұл мәдениеттер арасындағы байланыстың белгілі бір тарихи кезеңмен ғана шектеліп қалмай, әрбір жаңа ұрпақтың санасында жаңғырып отыратын, уақыт пен кеңістік аясынан тыс сипатта жүретін үздіксіздігін де аңғартады.

Демек, ежелгі мифтер мен философиялық ілімдерде пайымдалып, кейінгі зерттеушілер тұжырымдағандай, жалпы адамзатқа ортақ жадының болатындығы, сана мен ойлау, болмыс пен таным біртұтастығы мен тепе-теңдігі, олардың ешқашан жоғалып кетпейтіндігі және де олардың жеке адамның қарапайым дүниені қабылдауы мен ол жайындағы түсінігі, білімі мен танымынан бөлек, яғни субъектив емес, объектив болмысын иеленетіндігі де осындай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл ойдың әл-Фарабидегі Жаратушы мен адам арасын жалғаушы әлемдік ақыл-ой, ноосфера (ақыл қабаты) ретіндегі Әрекетшіл ақыл-парасат немесе Белсенді ақыл туралы идеясымен де сәйкес келетінін көруге болады.

Көне грек мифтері мен қазақ танымындағы адамзаттық асқақ арман мен биік мұрат көріністері.

Әлем халықтарының мифологиясын, Гомер мен Гесиод жырларын алсақ та олардың антропоморфтанған құдайлары болсын, тағдыр, жазмыш туралы түсініктерінің де ең бірінші дүниенің объектив заңдылықтарын білдіретін түсініктер екенін көреміз. Бұл түсініктер табиғат пен қоғам өміріндегі жақсы да жаман сан алуан құбылыстар мен үдерістер, адам бойындағы түрлі қадір-қасиет пен кемшіліктердің де иесі, киесі болатындығын айта отырып, сонымен бірге олардың тренсценденттілік, идеалдылық та болып табылатын абстрактілі мәндегі ақыл-ой мен сезім, рух, сөз жүзінде де өмір сүретін шынайылық екендігінен хабар береді. Демек, грек эпостарындағы Олимп құдайларының құдайтөктес адамдарға түсінде аян беруі, кейде жан-жануар немесе адамдар кейпінде кездесуі, яки көмекке келуі, қиын-қыстау жағдайда санасына тығырықтан шығатын ой салу, ерік-жігерін қайрау, шешім қабылдауға итермелеу арқылы өміріне араласуы сана мен ойлаудың осы объектив болмысын аңдауы деп есептейміз.

Мысалы, кезінде Гомер, Эсхил, Софокл, Еврипид, Вергилий және Овидий сияқты ақындар жырлаған Зевстің кіші жары Гера, тұңғыш қызы даналық пен жауынгерлік құдайы Афина және кіші қызы, махаббат құдайы Афродита арасындағы алтын алмаға таластан басталатын Троя қырғынында гректің Зевс бастаған құдайлары екі жақтың да соғысқа қатысушыларына түрлі сипатта (адам, жануар, құс кейпінде) белгі беріп, әр алуан ойлар (түс, аян, тапқыр ой, амал-айла, қорқыныш ұялату немесе оны басу (сейілту) түрінде де) ретінде, болмаса найзағай, толқын, тұман, дауыл түрінде де көмек беріп отырады. Атап айтсақ, аңыздың баяндауынша Зевстің ұйғаруымен алтын алманың иесін анықтау Иллион мемлекетінің билеушісі Приамның ұлы Париске бұйырады. Парис болса бұл кезде, тауда сиыр бағып жүрген бақташы еді. Себебі ол дүниеге келерде анасы Гекаба түс көреді. Түсінде алапат өрттің Трояны жалмағалы келе жатқанын көріп шошып оянады. Түс жорушылар өмірге келетін баланың Трояның күйреуіне себепкер болатынын болжайды. Мұны естіген Гекаба мен Приам жамандықтың алдын алмақ болып, қызметшісі Гекалайға өмірге келген баланы тауға апарып тастауды бұйырады. Бірақ өзге де аңыз желісіндегідей, оны аю асырап, нәресте тірі қалады. Біраз уақыт өткенде тірі қалған баланы қызметші Гекалай тауып алып, оған Парис деген есім беріп, өз ұлындай өсіреді. Міне сөйтіп, ғайыптан тайып аман қалған Парис бақташы болып жүргенде, жанына Гера, Афина және Афродитаны ерткен желден де жүйрік Гермес келіп жетеді. Құдайларды көріп қорыққанынан қаша жөнелмек болған бозбаланы тоқтатқан Гермес, оған алтын алманы ұсынып, « – Жарқыным, бізден ешқандай да қорықпа, тек мына алманы алдыңда тұрған үш арудың ең сұлуына ұсынсаң болды. Зевс әмірші бұл таңдауда төрелік етуді саған бұйырды», дейді (Кун, 1922: 144). Үшеуінің

де бірінен бірі өткен сұлулығына таң қалып, алманы кімге ұсынарын білмей абыржыған Париске сұлу да құдіретті құдай әйелдер өз уәделерін үйіп-төгіп беріп, алманы әрқайсысы өзіне ұсынуын сұрайды. Гера оған бүткіл Азияның билігін ұстатуға уәде берсе, Афина оған әлемді тітіретер әскери даңқ пен жеңісті ұсынады. Махаббат құдайы Афродита болса, Париске көркіне ажалды пендеден ешкім тең келмес Елена сұлуға үйлендіруді уәде етеді. Сонда сұлулықтан басы айналған Парис, Спартаның билеушісі болып тұрған Менелайдың заңды әйелі Елена сұлуға үйленуді қалап, алтын алманы Афродитаға ұсынады. Осыдан бастап Құдіретті Зевстің жетінші жары Гера мен аспан әміршісінің ең алғашқы әйелі Метидадан туған (Афина Зевстің басынан жарып шыққан деп те айтылады) тұңғыш қызы Афинаның Париске ғана емес, бүкіл троялықтарға деген өшпенділігі оянады. Гректер мен троялықтар арасындағы ұзаққа созылған кескілескен шайқастарда Гера мен Афина, теңіз құдайы Посейдон, Зевстің Герадан туған ұлдары Гермес пен Гефес бар, гректердің жағында болса, соғыс құдайы Арес, күміс садақты Аполлон мен Артемида сияқты Зевстің ұл-қыздары троялықтарға көмектеседі. Гректердің көп қырғынға ұшырауын қаламайтын Зевстің өзі троялықтарға көп іш бұрады. Себебі Троя билеушісі Приамның арғы бабалары да Зевстен тараған ұрпақ саналады. Сондай-ақ осы соғыста, әсіресе гректер жағында, Олимп құдайларының ұлы, немересі болып келетін көптеген не анасы, не әкесі жағынан қанында құдайлардың қаны бар құдай тектес қаһармандар, яғни гректердің ақсүйектер тобына жататын адамдар шайқасып жатқан болатын.

Мысалы, Гомердің «Иллиадасында» ахейліктердің бас қаһармандары әрі әскербасылары Менелайдың ағасы Агамемнон мен әйгілі қаһарман Ахилл арасындағы текетірес туралы айтылады. Бұл текетірес гректердің Трояны он жылға таяу шабуылдап ала алмай, қаланың айналасындағы елдімекендерді түгел жаулап алып, түскен олжаны бөліске келгенде туындаған келіспеушілік болатын. Сонда Ахиллдің анасы құдай әйел Фетиданың өтініші бойынша Зевс ұйқы құдайы арқылы Пелейдің ұлы Ахиллді ренжіткен Агамемнонның түсіне кіріп, жалған аян беріп, сәтсіз аяқталатын шабуылға шығуға итермелейді. Себебі Фетиданың өтініші гректерді троялықтардың тықсырып, қашан олардың Ахиллдің көмегіне жүгінуге мәжбүр болғанша троялықтардың мерейін үстем етіп, Гектордың уақытша жеңіске жетуіне жәрдемдесе тұру болатын. Өйткені гректерде өздерінің арғы тегін Олимп құдайларынан тарататын Менелай, Агамемнон сынды ақсүйек қаһармандармен қатар, ата-аналары, мысалы Ахиллдің шешесі Фетида сияқты кішігірім өзен-көл, орман-тоғайлардың иесі саналатын алдыңғылардан бір саты төмен қаһармандар да болатын. Ахиллдің әкесі Пелей ажалды пенде болса, анасы Фетида кішігірім табиғат құбылыстардың құдайы саналатын. Міне, осы Ахилл мен Агамемнон арасындағы келіспеушілік кезінде, ашуға булыққан құдай тектес Ахиллдің қарсыласына қанжарын ала ұмтылмақ кезінде Афина келіп қаһарманды тоқтатады. Олимп құдайлары бұдан өзге де көптеген тығырықты сәт мен кескілескен шайқас үстінде де гректер мен троялықтарға біріне өз әскерінің жауынгері немесе сәуегей абыз болып келіп кеңес беру, ой салу арқылы көмек берсе, енді бірін тура келген найза ұшынан қорғайды, болмаса Менелай мен Парис жекпе-жегіндегідей қорғауындағы қаһарманды қою тұман боп көлегейлеп, қарсыласының көзін байлау арқылы аман алып қалады. Немесе Троя соғысының қаһарманы Итака патшасы айлакер Одиссейдің теңіз құдайы Посейдонның қаһарына ұшырап, елге қайтар жолда адасып, барлық серіктерінен айырылып, басынан небір қиыншылықтарды өткеретін кезін еске алайық. Одиссей соғысқа аттанарда елде айдай сұлу жары Пенелопа мен ұлы Телемах қалған еді. Осы Телемахтың әкесі кешіккен сайын,

оны өлдіге санап анасы Пенелопаны айттыра келген күйеу жігіттердің сарайында той-думан жасап жатып алған әрекеттеріне ашынып жүрген кезінде, Олимп құдайларының ұйғаруымен оған көмекке Афина Паллада келеді. Көрші бір елдің патшасы бейнесінде келетін Афина, Телемахқа Одиссейді бұрыннан білетінін, оның әкесінен ауымай тұрғанын айта келіп, бірінші оған Итака халқынан көмек сұрауға кеңес береді. Халық жиналысында елден сарайында болып жатқан бейбастақтыққа тиым болуын сұрауын, одан кейін Пилостағы Нестор қарт пен Спарта патшасы Менелайдан әкесінің хабарын білуді тапсырып, мезетте құсқа айналып көзден ғайып болады. Сонда барып Телемах жаңа ғана өзінің құдаймен тілдескенін түсінеді (Кун, 1922: 205).

Дастаннан бұдан да бөлек құдайлардың адам өміріне араласуы мен әсеріне қатысты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Келтірілген мысалдар бір қарағанда қарапайым оқиғаны баяндау сияқты көрінгенімен, кейіннен философиялық ілімдерде негізделген этиканың категориялары саналатын мәселелерді де астарлап тұрғанын байқаймыз. Мәселен, Ахилл мен Агамемнон арасындағы текетірістегі ызадан булыққан Ахиллдің семсерін жартылай суырып тұрып, Афинаның ақылымен қынына қайта салуын, қарапайым адамдармен салыстырғанда құдай тектес қаһармандарға ғана тән ізгі қасиет – ұстамдылық пен сабырлылық, ал Афина Палладаның Телемахқа берген кеңесінің – этиканың категориясы әділеттілікті білдіретін поэтикалық метафора екенін көреміз.

Ал Ежелгі гректердегі Венера (Афина), Марс (Арес) тәрізді көптеген құдай есімдерінің ғарыш планеталарының да атаулары екені мен олардың теологиясының шын мәнінде астрономия немесе керісінше болып табылатынын ескерген зерттеушілер бұл соғысты Құдайлардың соғысы, ғарыштық драма, планеталар қақтығысы деп те бекер айтпайды (Балқыбек, 2012). Себебі Әбу Насыр әл-Фараби космологиясын алсақ та, қазіргі заманғы теориялар да ғарыш планеталарының қозғалысы мен ондағы түрлі өзгерістердің жаратылыстану тұрғысынан алғанда да жердегі тіршілікке әсерінің болатындығын жоққа шығармайды.

Сонымен қатар грек мифологиясының әлемдік мәдениеттегі теңдесі жоқ құбылыс саналатыны да бекер емес. Өйткені Алексей Лосевтің «Миф – ешқандай да идея немесе ұғым емес, ол – өмірдің өзі» (Лосев, 2001: 40) деп пайымдағанындай, гректердегі миф тудырушылық қасиеттің өзін керемет тапқырлық пен шығармашылықтың асқақ үлгісі деп санаймыз. Қазақ халқы мен грек жұртының бір-біріне ұқсастығы да екі халықтың дәл осы ертедегі ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған фольклоры мен эпостық жырлары, ауыз әдебиеті үлгілерін тудырған мифологиялық танымында болатын. Ал миф тудырушылықтың өзіне келсек, Лосевтің мифті өмірдің өзі деп есептеуі, жалпы әлемде болсын, адам мен қоғам өмірінде де түрлі құбылыстар мен сан алуан жағдайлар болады. Өмір мен өлім, қуаныш пен қайғы, жеңіс пен жеңіліс, мәңгі мен өткінші қатар жүретін мынау жарық дүниені өмір деп жатамыз. Ежелгі гректер осы сан алуандықты өздерінің мифологиясында алғашқылардың бірі болып образдар мен метафоралар түрінде болса да жүйелеуге, жинақтауға, біріктіруге талпыныс жасап, олардың сырын түсінуге тырысады. Гомер мен Гесиод жырларында дүниенің жаралуы мен құдайлардың пайда болуы асқан шеберлікпен тәптіштеліп суреттеледі. Гесиодтта мысалы, Уранды Кроностың алмастыруының өзі бір-біріне деген асқан қатыгездік ғана емес, аяр өшпенділік пен қорқаулықтан туған жантүршігерлік қылмыс та болғандығы туралы баяндалады. Мұндай асқан қатыгездікпен жасалған қылмыс пен қастандықтың болуы өз кезегінде ешбір салдарсыз да болмайтындығы ескертіледі. Демек, шығармада осы қылмыстың әсерінен, жамандықты

жамандықтың тудыратыны сияқты, оқиға куәгері түн құдайы Нюктаның аталған сұмдықтан соң, қап-қара түнде жалғыз өзі, қорқыныш, өлім, қайғы, мұң, алдап-арбау, тәтті құмарлық, аштық, ауыр еңбек, қырғын соғыс, дау-жанжал, заңсыздық сияқты зұлымдықтарды өмірге әкелетіні туралы жазылған (Гесиод, 2001: 27).

Демек, грек мифологиясы образдармен бейнелеген жақсы да жаман барлық құбылыстар мен жағдаяттардың ізгі не кесапат ой, іс-әрекеттен келіп туатынын өте жақсы түсінген. Адам бейнесіндегі құдіретті де ержүрек батыр, өнерлі де жасампаз, сұлу да сымбатты, мәңгі өмір сүретін Олимп Құдайларының да күллі адам баласының асқақ арманы мен қастерлейтін құндылықтарын да белгілеген идеялар екені анық. Бір күнгі жарық дүниені мың күнгі ұрмақпен алмастырғысы жоқ, бірақ пәни жалғанда физикалық тұрғыдан мәңгі өмір сүрудің де мүмкін еместігін мойындай отырып, ең болмағанда рухани тұрғыдан артына мәңгі өлмес атақ пен даңқ, өшпес із қалдыру үшін Құдайлардың өзіне де қарсы шығып, бәсекелесуден де тайынбайтын Ахилл сияқты құдайтекес қаһармандардың да іс-әрекеті адам баласының ең асқақ арманы мен биік мұраты екені рас. Өйткені аңыз бойынша ахейліктер мен троялықтар арасындағы соғыстың болатыны да, сол соғыста Ахиллдің ерлікпен қаза табатыны да тағдырмен алдын ала белгіленіп қойылған-мыс. Дегенмен Ахиллге екі таңдаудың бар екені де айтылыпты. Бірі, қаһарманның тағдыр жазғанына мойынсұнып, соғыста ерлікпен қаза табуы, сөйтіп, соңында өшпес даңққа бөленіп, ел есінде мәңгіге қалу болса, екінші жол, соғысқа бармау, қатардағы жұмырбасты пенденің бірі болып өмір кешіп, кесімді ғұмыры таусылған күні соңында ешқандай атақ та, даңқ та жоқ, жоқтық пен белгісіздікке араласып тірлікпен мәңгіге қош айтысуды таңдау ғана тұрады. Сонда Ахилл бірінші жолды таңдайды.

Жалпы грек қоғамында көпқұдайлық сенім үстемдік етті дегенімізбен, сансыз көп құдайлардан бөлек, олардан жоғары тұратын, және сол құдайлардың өзі бағынатын ең ұлы қажеттілік, тағдыр, жазмыш туралы да түсінік қалыптасқан. Зерттеушілер оны табиғаттың объектив заңдылықтары деп те санайды. Гректердің осы тағдыр туралы түсінігі, кейде екі ұшты да болып келеді. Бір жағынан адам жазмыштың алдында қауқарсыз, оған толығымен бағынышты болса, екінші жағынан ол өзінің тағайындалуына қарай белгілі бір дәрежеде еркін, өз тағдырын өзі жасауға, өзгертуге де ерікті. Сонымен бірге гректердің қандайда бір маңызды шешім қабылдас бұрын, жеребе тастап, сәуегейге жүгінетіні, халықтың маңызды мәселелерге орай шешімді өздері емес, сыртқы бір фактілердің анықтауына тәуелді болғаны туралы да деректер көп. Демек Сократтың грек жұртындағы ең ақылды адам екенін Херэфонттың дельфийлік сәуегейден сұрап білетіні сияқты, көп жағдайда гректер сәуегейлерге жүгінетін болған. Бұл гректердің білім, ғылымнан гөрі тылсым күштерге сеніп, соларға ғана жүгінгенін емес, көнеден келе жатқан халықтық таным, мифтік санаға негізделген құндылықтарға деген сенімі, ата-баба дәстүрі мен өмірлік тәжірибені ескерген даналық түсінігі деуге де болады.

Ал қазақхалқының дүниетанымына келсек, бізде де «жазмыштан озмыш жоқ» деген түсінік бар. Оған «маңдайға жазғанға шара жоқ», «басқа салса баспақшыл», «басқа салғанға берік болу» сияқты тұрақты тіркес түріндегі халық даналығын қосуға болады. Алайда ол да таза діни фанатизммен ұласқан көзсіз соқыр сенім түрінде емес, басқа түскенге төзімді, сабырлы болуға шақыратын өмірлік тәжірибеге негізделген реалистік пайым түрінде кездеседі. Грек қаһармандары тәрізді отқа жанбайтын, суға батпайтын, қылыш кеспейтін батырлар да бар. Алты айшылық жерді алты аттайтын немесе алты күнде шауып өтетін сәйгүліктер, жылдап емес, сағаттап өсетін балаларға

қатысты кеңістіктің сығымдалуы мен уақыттың созылу-қысқаруын шебер бейнелеген аңыздар, жақсы мен жаман, ақ пен қараны айыру, мәңгі мен өткінші арақатынасын ажыратуды үйрететін халық ертегілерінің де мақсаты өмірлік тәжірибе. Демек, ұғымдық ойлау әлі қалыптаспаған кездің өзінде, бейнелі ойлау арқылы жақсыға ұмтылу мен жаманнан жерінуді жастайдан бойға сіңіру халықтық танымның өміршең идеяларының бірі. Бұл орайда, философ, дінтанушы Досай Кенжетайдың мына бір ойлары да назар аударарлық. Зерттеуші өзінің «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы» атты еңбегінде, түрік жұртының дүние, болмыс жайлы түсініктерінің адам-әлем арақатынасы мен дүниенің біртұтастығы идеясына негізделгенін түсіндіре келіп, осы тұрғыда түрік философы Х.З. Үлкеннің, ежелгі түрік философиясының ерекшеліктерін байырғы үнді, грек және иран философиясымен салыстыра зерттеп, түріктердің үнділер сияқты томаға тұйық, жабық, мистикалық табиғаттағы ұлт еместігін, көне гректер сияқты табиғат пен ғарыштық жүйеге (низам-и алам) тұтқын, тағдырға оңай мойынсұнатын ұлт еместігін бағамдап, Түріктердің әртүрлі мәдениет және өркениеттер арасындағы екі жақты сұхбаттың (диалог) арқасында, өте терең реалистік дүниетанымға ие болғанын айтқанын жазады (Кенжетай, 2008: 42).

«Түрік тәңірінде негізінен «қасиетті үйлену» (гиорогамия) атымен жоқ, яғни түріктің тәңірі, – деп жазады Досай Кенжетай, – Ассирия, Бабыл, Грек және Рим тәңірлері секілді әйел тәңірлермен үйленбейді. Бұл ерекшелік түрік менталитетіне, тіл логикасына да тікелей ықпал еткен. Мысалы, басқа көптеген тілде кездесетін (средний род, мужской род, женский род сияқты) айырмашылық жалпы түрік, қазақ тілдерінде кездеспейді. Өйткені түрік дүниетанымында космос біртұтас үйлесімділікте қабылданады. Сондықтан да жыныстық тұрғыдан әйел-еркек деп бөлектеу құбылысы олардың дініне, діліне, тіліне де жат нәрсе» (Кенжетай, 2008: 43).

Филология ғылымының докторы, этнограф Ақселеу Сейдімбек болса, қазақ халқының дүниеге деген философиялық көзқарасының гректер қалыптастырған ұғымдар мен категорияларға негізделген теориялық философиядан басты айырмашылығы, оның практикалық мәнінде екенін: «Қазақтың дәстүрлі қоғамында философия жеке-дара білім саласы тұрғысында зерделенбеген. Философия – көшпелі қазақтар үшін өмір-салты (образ жизни), мағыналы да мазмұнды өмір сүрудің қалыбы (формасы) болған. Яғни, философияға жеке пән тұрғысында қарамаған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдар философияға сүйеніп өмірді өзгертуді ойламаған. Керісінше, өздерін философ (кемел адам, бүтін адам, көшелі адам, көргенді азамат, жөн-жоба білетін адам) деңгейіне көтеру арқылы қоғамдық өмірдің үйлесімді де ретті болатынына сенген. Бұл ретте, қазақтың дәстүрлі философиясын шын мәнінде даналық биігіне көтерілгендердің нақтылы өмір туралы айтқан абсолютті ақиқаты деуге болады» (Сейдімбек, 2008: 19) деп, оның ең бірінші өмірлік тәжірибеге негізделген практикалық философия болғандығын тұжырымдайды.

Демек, грек философиясы дүниедегі тәртіп пен реттілік, үйлесімділік пен үндестікке таңдану нәтижесінде пайда болып, кейіндеп теориялық ғылым мен философияға айналса, түрік жұртының да дүниеге деген көзқарасы, бастапқыда таңданудың биік түрі – табынудан, яғни айнала табиғат пен шексіз ғарыштың тылсым сыры, кие-құдіретіне бас июден, қастерлеуден басталады. Бірақ ол батыстағыдай ұғымдар мен категорияларға негізделген теориялық ғылым мен философия түрінде емес, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жоба, жөн-жоралғы түріндегі өмірлік тәжірибемен тікелей байланысты практикалық философия болып шығады. Оның мысалына, жасампаз идеяларға толы халқымыздың сан ғасырғы фольклоры, ауыз әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін айтпағанның өзінде, этнограф Ақселеу Сейдімбек пайымдаған, Қазақ хандығы

құрылған кездегі ел бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етіп, ұлтты ұйыстырушы – ұлы бірлік идеясы тудырған шежірелік идеология негізінде жаңғыртылған – ру-тайпалық жүйені ғана алайық. Көшпелі өмір-салтымен шебер үйлескен осы құрылымдық жүйе елдің саяси бірлігін де, әлеуметтік-экономикалық тұтастығын да бекемдей түскен. Хандық күшейген. XVI-XVII ғасырлардың өзінде ноғайлы елінен, Әбілқайыр ұлысынан, яғни жер-жерлерден ағылып келіп Қазақ хандығы құрамына қосылып жатқан ел қарасы қалың болған. Елдің әл-ауқаты да артқан. Ру-рудың ата қонысы қайтарылып, кейбір ел құрамына жаңа қосылған аталарға еншілес жерлер бөлініп берілген. Нәтижесінде ел мен ер намысының бірлігі қағидасы түпкілікті орнығып, ортақ мүддеге жұдырықтай жұмылу дәстүрі беки түскен. «Менде болсын, менде болмаса да елде болсын», «Сабан бол, шөп бол, шамаң келсе көп бол», «Көппен көрген ұлы той», «У ішсең руыңмен», «Аздың азаншысы болғанша, көптің қазаншысы бол» (Сейдімбек, 2008: 20) деген аталы сөздерге негізделген ел бірлігі идеясы, жеке мүддеден ел мүддесін биік қою арқасында елдің бірлігі артып, ұлттың тұтастығы сақталған. Ең бастысы осылардың бәрінің негізінде қан тазалығы мен ар тазалығына құрылған әділеттілік принципін жатқанын да айта кетуіміз керек. Соның арқасында, зерттеуші Ақселеу Сейдімбек бағамдағандай, «Құда мың жылдық...» дейтін туыстық-бауырмалдық сезімдер күшейіп, корпоратив рухтың бірбүтіндігі қамтамасыз етілген. Философ-публицист Әбдірашит Бәкірұлы, жеті атаға дейін қыз алыспаудың тіл тазалығына да әсері бар екенін жақсы атап өтеді. Ана тілі деген тіркестің өзінің қазақтың кең байтақ жерді мекендей отырып, ел арасының шалғайлығына қарамастан өзге елдер секілді емес, бір тілде сөйлеуі, бір-бірімен айқын да анық, емін-еркін түсінісуі осы ел мен ел арасын қандас-туыстық тұрғысынан ғана емес, мәдени-тілдік, тектілік-интеллектуалдық тұрғысынан да жалғап, біріктірген желінің қыз бала арқылы жүзеге асатынын айтады.

Қорытынды

Ойымызды қорыта келгенде, ғасырлар бойы сайын дала төсін мекендеп, төл мәдениеті мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, жөн-жоба, рәсім-жоралғыларын, адам-әлем қарым-қатынасына негізделген дүниеге деген көзқарасын қалыптастырған қазақ халқын гректің ойшыл жұртымен салыстырудағы мақсатымыз, екі халықтың да бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті, діні, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, тілі мен жазуы бола тұра, олардың арасын жалғап тұрған дүниені түйсіну мен қабылдау, адамшылық құндылықтарды қастерлеу, дүние болмысын философиялық пайымдау, яғни болмыс, шындық, ақиқат деп, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын, бірақ өткінші, алдамшы, жалған нәрселерді емес, мәңгі, шынайы, ақиқат өмір сүретін, ақылмен аңдап, оймен шолып, көкірек көзімен ғана көретін шынайылықтың ерекше түрін таныған ойшылдығы мен аңғарымпаз даналығы, аз сөзге көп мағына сыйдыра біліп, сөзді қастерлеген тектілігі арасындағы бірқатар ұқсастықты көрсету, қазақ халқының дүниеге деген көзқарасының, оның теориялық ғылым мен батыстық дәстүрдегі философиялық жүйе қалыптастырушы дәстүрмен байланысының әлі зерделенбегеніне қарамастан, дүние болмысын пайымдауда гректің ойшыл жұртының дүние, болмысжайлы таным-түсініктері, ой-толғамдарымен байланысып, сабақтасып жатқанын бағамдау болатын.

Бұл орайда, біріншіден, қазақ халқы мен грек жұртының шығу тегіне байланысты, екі халықтың алғашқысы өздерін Алаш ұрпақтары санаса, кейінгісі өздерін Эллиндер, элладалықтар

деп есептеп, ұлттық рухы елді ұйыстырып, бірлікке үндеген ұран есебіндегі Алаш, Эллин сынды ұлы бірлік идеясы негізінде қалыптасқаны тұжырымдалды.

Екіншіден, көне гректер мен байырғы түріктердің дүниені философиялық тұрғыда пайымдай алатын ойшыл болмысының қалыптасуына әсер еткен басты факторлардың бірі, олар мекен еткен географиялық аумақтың әсем де қатал табиғаты екендігі байыпталды.

Үшіншіден, ежелгі гректер мен байырғы қазақтардың дүниедегі саналуандықпен көптүрлілікті жалпылау мен жүйелеуге қатысты мифтік сана, поэтикалық ойлау, дүниеге деген философиялық көзқарастарындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер Гесиод пен Асан Қайғы, гректің Гомер бастаған ақындары мен өз шығармаларын өлеңмен жазған алғашқы философтарының шығармашылығы, сондай-ақ гректің «Жеті данышпан» атанған ойшылдарының философиялық көзқарастарын қазақтың Анахарсис пен Қорқыттан басталып, Орта ғасырларда әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Қазақ хандығы ыдырағанға дейінгі кезеңде өмір сүрген ойшылдарының дүние, болмыс туралы идеяларымен салыстыру арқылы бағамдалды.

Төртіншіден, Әуезхан Қодар, Сейіт Қасқабасов, Карл Леви-Стросс, Сағади Бөлекбаев сияқты ғалымдардың зерттеулері негізінде, екі халықтың дүниені философиялық тұрғыдан пайымдауда бір-біріне ұқсас тұжырымдарға келуінің сыры, бұл мәдениеттер арасындағы байланыстың белгілі бір тарихи кезеңдермен ғана шектеліп қалмай, әрбір жаңа ұрпақтың санасында жаңғырып отыратын, уақыт пен кеңістік аясынан тыс сипатта жүретін үздіксіздігінің мәні пайымдалды;

Бесіншіден, дүниенің бірлігі мен тұтастығын алғашқылардың бірі болып аңғарған қазақ халқы мен грек жұртының ертеден келе жатқан мифтері мен философиялық танымындағы дүние және ондағы өзінің орыны, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қатынасы, ұлт болып ұйысу мен мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру, қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеуге қатысты ғасырлар сүзгісінен өтіп, осы уақытқа дейін құндылығын жоғалтпаған ұлы идеяларды өмірге әкеліп, тетіктерді қалыптастырған ұлы халықтар екендігінің мәнін ой елегінен өткіздік.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР «19679556» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Авторлардың үлесі

Құранбек Ә.А. – мақаланың өзегін дәйектеп, өрбу бағыттарын айқындап, логикалық негіздерін тұжырымдады.

Оразхан Т.О. – ізденістің мазмұнын саралап, ішкі бірлігі мен нәтижелері және қорытындысын бекемдеді.

Айтбаева А.Б. – мақаланың мазмұнына үлес қосып, редакциясына жауап берді.

Рыскиева А.Ә. – ізденістің компаративистік мазмұнына ден қойып, салыстырмалы зерттеу жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

Балқыбек Ә. Гомер эпосының жаңғырықтары (жалғасы). URL: <https://abai.kz/post/12514> (қаралған күні 14.08.2022).

Булекбаев С.Б., Хайруллаева В.Х. Феномен сознания в философии: новый взгляд: монография / С. Булекбаев, В. Хайруллаева. – Алматы: Ассоциация издателей и книгораспространителей, 2014. – 256 с.

Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории философии. Кн.1. Часть 6. – СПб.: Наука, 1993. – 350 с. URL: <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000389/st005.shtml> (қаралған күні 11.08.2022).

Гесиод. Полное собрание текстов / Вступительная статья В.Н.Ярхо. Комментарии О.П.Цыбенко и В.Н.Ярхо. – М.: Лабиринт, 2001. – 256 с.

Исмагулов О. Происхождение казахского народа: по данным физической антропологии / О. Исмагулов, А. Исмагулова. – Алматы: Б.и., 2017. – 191 с.

Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы: монография / Д. Кенжетай. ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, Мәдениет ком. – Алматы: Арыс, 2008. – 355 б.

Кун Н. Легенды и мифы Древней Греции / Н.А. Кун. – «Public Domain», 1922. – 266 с.

Қартабаева Е.Т. Ежелгі дүние тарихы: оқу құралы / Е.Т. Қартабаева, Р.С. Мырзабекова; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. – 284 б.

Қасқабасов С. Мифология. Фольклор. Әдебиет. // Таңдамалы. 2 том. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.

Қодар Ә. Еленбеген асулар / Көне соқпақтар, соны сұхбаттар. – Алматы: Республикалық оқу-баспа орталығы, 2012. – 496 б.

Лосев А.Ф. Диалектика мифа / Сост., подг. текста, общ. ред. А.А. Тахо-Годи, В.П. Троицкого. – М.: Мысль, 2001. – 558 с.

Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография / М. Мағауин. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.

Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау: монография / Г.Ж. Нұрышева. – Алматы: Инжу-Маржан, 2011. – 348 б.

Сәукетаев Т. Көне дүние кемеңгерлері (Еркін баяндаулар). – Астана: Аударма, 2007. – 240 б.

Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу / А. Сейдімбек. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б.

Тренчени-Вальдапфель И. Гомер и Гесиод: монография / И. Тренчени-Вальдапфель. – М.: Издательство иностранной литературы, 1956. – 124 с.

Уәлиханов Ш. Тәңірі: таңдамалы / Ш. Уәлиханов. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. – 356 б.

Әсет Құранбек, Тайыржан Оразхан, Айгүлім Айтбаева, Айымжан Рыскиева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан

ниверситет Нархоз, Алматы, Казахстан

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Преимственность и культурное взаимодействие мировоззрения казахского народа с древнегреческой мифологией и философией

Аннотация. Основную идею работы составляет концепция формирования философии в Древней Индии и Древней Греции, основанная на изначальной тесной связи мифа, религии и

науки, что впоследствии способствует выделению теоретической философии как формы знания, базирующейся на логике и чистом разуме.

В статье на основе обобщения научных исследований, опубликованных в ближайшие годы, показано, что данная тенденция характерна для тюркских, в том числе казахского народа, также не оставшегося в стороне от этого процесса. Каждый человек, благодаря устной литературе и фольклору, аккумулирующим основы народного миропонимания, предаваясь мимолетным фантазиям о жизни, развивал и способность самостоятельного размышления о бытии мира. В статье также анализируется вопрос о влиянии кочевого образа жизни на совершенствование глубокомыслия степного народа. Авторы приходят к выводу, что, несмотря на специфические исторические и культурные условия, знания и идеи древних греков и казахского народа о мире, бытии, человеке, обществе, природе и жизни очень тесно переплетены и демонстрируют глубокую связь. Такие известные ученые, как Ауезхан Кодар, Сеит Каскабасов, Сагади Булекбаев, в своих исследованиях биогенетических законов и измененного состояния сознания, основанных на типологическом анализе, отмечают, что эта преемственность и взаимосвязь миропонимания не случайны, а диалог культур не ограничивается определенным историческим периодом. Это непрерывный процесс, отражающийся в сознании каждого нового поколения, и тем самым выходящий за пределы пространственно-временного континуума. В своих мифологических знаниях оба народа одними из первых попытались обобщить, классифицировать и осмыслить системность, многообразие и множественность мироздания. Результатом становится вывод о том, что как формирование знаний об окружающем мире, так и осознание себя и смысла жизни происходило посредством синтеза понятийного мышления и художественных универсалий.

Ключевые слова: мировоззрение; мышление; мифология; фольклор; древние греки; древние тюрки; казахский народ; культурное взаимодействие; переводческая деятельность.

Asset Kuranbek, Tairzhan Orazkhan, Aygulim Aitbayeva, Aiymszhan Ryskiyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan

Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

Nur-Mubarak University of Islamic Culture of Egypt, Almaty, Kazakhstan

Succession and Cultural Interaction of the Worldview of the Kazakh People with Ancient Greek Mythology and Philosophy

Abstract. The main idea of the work is the concept of the formation of philosophy in Ancient India and Ancient Greece, based on the initial close connection of myth, religion, and science, which subsequently contributes to the separation of theoretical philosophy as a form of knowledge based on logic and pure reason. In the article, based on a summary of scientific studies published in recent years, it is shown that this trend is characteristic of the Turkic people, including the Kazakh people, who also did not stay away from this process. Each person, thanks to oral literature and folklore, which accumulates the basis of popular worldview, indulges in fleeting fantasies about life, and develops the ability to independently think about the existence of the world. The article also analyzes the question of the influence of the

nomadic way of life on the perfection of deep thinking of the steppe people. The author comes to the conclusion that, despite the specific historical and cultural conditions, the knowledge and ideas of the ancient Greeks and the Kazakh people about the world, being, man, society, nature and life are very closely intertwined and demonstrate a deep connection. Such well-known scientists as Auezkhan Kodar, Seit Kaskabasov, Sagadi Bulekbaev in their studies of biogenetic laws and altered states of consciousness, based on typological analysis, note that this continuity and interrelationship of worldviews is not accidental, and cultural dialogue is not limited to a certain historical period. This is a continuous process that is reflected in the consciousness of each new generation, and thus goes beyond the space-time continuum. In their mythological knowledge, both peoples were among the first to try to generalize, classify and understand the systematicity, diversity and multiplicity of the universe. The result is the conclusion that both the formation of knowledge about the surrounding world and the realization of oneself and the meaning of life took place through the synthesis of conceptual thinking and artistic universals.

Key words: worldview; thinking; mythology; folklore; ancient Greek; ancient Turkic; Kazakh people; cultural interaction; translation activity.

References

Balqybek A. Gomer eposynyn jangyryqtary (jalgasy) [Echoes of the Homeric epic (continued)]. URL: <https://abai.kz/post/12514> (accessed 14.08.2022). [in Kazakh].

Bulekbaev S.B., Hairullaeva V.H. Fenomen soznaniia v filosofii: novyi vzgliad: Monografiia [The phenomenon of consciousness in philosophy: a new view: Monograph]. (Almaty, Assosiasiiia izdatelei i knigorasprostranitelei, 2014, 256 p.). [in Russian].

Gegel G.V.F. Leksii po istorii filosofii. Kn.1. Chast 6 [Lecture on the history of philosophy. Book 1. Part 6.]. (Saint Petersburg, Nauka, 1993, 350 p.). URL: <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000389/st005.shtml> (accessed 11.08.2022). [in Russian].

Gesiod. Polnoe sobranie tekstov / Vstupitelnaia statia V.N. Arho. Kommentarii O.P. Sybenko i V.N. Arho [Complete collection of texts / Introductory article by V.N. Yarho. Comments by O.P. Tsybenko and V.N. Yarho]. (Moscow, Labirint, 2001, 256 p.). [in Russian].

İsmagulov O. Proishozhdenie kazakhskogo naroda: po dannym fizisheskoi antropologii [Origin of the Kazakh people: according to physical anthropology]. (Almaty, B.i., 2017, 191 p.). [in Russian].

Kenjetai D. Qoja Ahmet Yassau dunietyny: monografiia [Worldview of Khoja Ahmet Yasawi: monograph]. (Almaty, Arys, 2008, 355 p.). [in Kazakh].

Kun N. Legendy i mify Drevnei Gresii [Legends and myths of Ancient Greece]. («Public Domain», 1922, 266 p.). [in Russian].

Qartabaeva E.T. Ejelgi dunie tarihy: oqu quraly [History of the ancient world: a textbook]. (Almaty, Qazaq un-ti, 2014, 284 p.). [in Kazakh].

Qasqabasov S. Mifologiiia. Folklor. Adebiet // Tandamaly. 2 tom [Mythology. Folklore. Literature. // Optional. 2 volumes.]. (Astana, Foliand, 2014, 344 p.). [in Kazakh].

Qodar A. Elenbegen asular / Kone soqpaqtar, sony suhbattar [Overlooked Passes / Old Trails, and more interviews]. (Almaty, Respublikalyq oqu-baspa ortalygy, 2012, 496 p.). [in Kazakh].

Losev A.Ф. Dialektika mifa / Sost., podg. teksta, obch. red. A. A. Tahoe-Godi, V.P. Troiskogo [Dialectics of myth / Comp., compilation. text, total ed. A.A. Tahoe-Godi, V.P. Troitsky]. (Moscow, Mysl, 2001, 558 p.). [in Russian].

Maguin M. Qobyz saryny: XV-XVIII gasyrlarda jasagan qazaq aqyn, jyraulary. Monografiia [Kobyz's poem: poems by a Kazakh poet in the 15th-18th centuries. Monograph]. (Almaty, Atamura, 2006, 264 p.). [in Kazakh].

Nurusheva G.Zh. Omirdin mani: filosofiyalik-antropologiyalik taldaу: monografiya [The meaning of life: philosophical and anthropological analysis: monograph]. (Almaty, Inzhu-Marzhan, 2011, 348 b.). [in Kazakh].

Sauketaev T. Kone dunie kemengerleri (Erkin baiandaular) [Sages of the Ancient World (Free Essays)]. (Astana, Audarma, 2007, 240 p.). [in Kazakh].

Seidimbek A. Qazaqtyn auyzsha tarihy: shejirelik derekterdi paiymdau: zertteu [Oral history of Kazakhs: interpretation of genealogical data: research]. (Astana, Foliant, 2008, 726 p.). [in Kazakh].

Trencheni-Valdapfel İ. Gomer i Gesiod. Monografiia [Homer and Hesiod. Monograph]. (Moscow, Izdatelstvo inostranoi literatury, 1956, 124 p.). [in Russian].

Ualihanov Sh. Tanırı: tandamaly [God: optional]. (Almaty, RS, Halyqaralyq Abai kluby, 2016, 356 p.). [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Құранбек Әсет Абайұлы – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Kuranbek Asset Abayuly – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Philosophy, Al Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.

Қуранбек Асет Абайұлы – кандидат философских наук, заведующий кафедрой философии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Оразхан Тайыржан Оразханұлы – магистр, Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы, Абылай хан даңғылы 51/53, 050004, Алматы, Қазақстан.

Orazkhan Tairzhan Orazkhanuly – Master, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Kazakh-Russian Medical University, Abylay Khan Avenue 51/53, 050004, Almaty, Kazakhstan

Оразхан Тауржан Оразханұлы – магистр, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Казахско-Российский медицинский университет, пр. Абылай хана 51/53, 050004, Алматы, Казахстан.

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Нархоз университетінің профессоры, Жандосов көшесі, 55, 050035, Алматы, Қазақстан.

Aitbayeva Aygulim Borangalikyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor at Narhoz University, Zhandossov str., 55, 050035, Almaty, Kazakhstan.

Айтбаева Айгулім Боранғалиқызы – кандидат педагогических наук, профессор, Университет Нархоз, ул. Жандосова, 55, 050035, Алматы, Казахстан.

Рыскиева Айымжан Әбуқызы – философия ғылымдарының кандидаты, Египет ислам мәдениеті университеті, дінтану кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби даңғылы, 73, 050060, Алматы, Қазақстан.

Ryskiyeva Aiymzhan Abukyzy – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Religious Studies of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Al-Farabi Avenue, 73, 050060, Almaty, Kazakhstan.

Рыскиева Айымжан Абуқызы – кандидат философских наук, заведующая кафедрой религиоведения, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, пр. аль-Фараби, 73, 050060, Алматы, Казахстан.